

«Бекітемін»
Мектеп директоры:



М.Амирова

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ «БІР ТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН» ІСКЕ АСЫРУ
БӨЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАНДАРМЕН БІРЛЕСКЕН**

**Т.Бегманова атындағы №8 жалпы орта білім беретін мектебінің
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН КЕШЕНДІ
ЖОСПАРЫ**

2023-2024 оқу жылы

КЕШЕНДІ ЖОСПАР НҮСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ» МАҚСАТЫ:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

МІНДЕТТЕРІ:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;

- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққа ғидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
 - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
 - Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар: Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде: - баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету; - баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру; - баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық кимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық кимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде Ұсыным қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады. **Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)**

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейіпкерлерді шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау; - білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу; - жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту; - «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылданду, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс; - ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере Ұсыным отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту; - адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті: - балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге; - білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда: Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді. Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;

- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;

- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;

- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар); Ұсыным - білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;

- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі. Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы

Батыс Қазақстан облысының қоғамдық дамубасқармасы

Батыс Қазақстан облысының дін істері басқармасы

Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті

Батыс Қазақстан облысының полиция департаменті
Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы
Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы
Батыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті
Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы
Батыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті, Қала, аудан әкімдіктері

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары төмендегідей нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып құрылды. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуір № 145 бұйрығымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері, 2022-2023 жылдарға арналған әдістемелік нұсқау хаты. Тәрбие жұмысы Тұжырымдамада көрсетілген төмендегідей бағыттар бойынша жоспарланып, жүргізілді:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие ;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта жүзеге асады.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты:

Тәрбие жұмысында жаңа әдістер арқылы сыныптағы әрбір жеке-тұлғаны белсенді және саналы азамат етіп тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерін дамыту, еңбекке деген сүйіспеншілігін қамтамасыз ету, жан-жақты дамуына жағдай туғызу. рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

2022-2023 оқу жылының басында бекітілген мектептің тәрбие жоспарындағы барлық шаралар мектеп мүмкіндігіне қарай өткізілді деп есептеп, жаңа оқу жылында мектептің тәрбие жұмысын іске асыруда алға мына **МІНДЕТТЕРДІ** қойылды: Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани- адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілді.

Мектептің әлеуметтік паспортына тоқталатын болсақ

Тәрбие жұмысында зиянды әрекеттердің алдын алып, сауаттылықты бойы сүйетін, адамгершілік қасиетін қалыптастыру және мектеп ата-аналарымен тығыз байланыста оқушыны әдептілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу бағытында жұмыстар атқарылды. Зиянды әрекеттерден оқушылар бойын қашық ұстауды үйрету мен мектеп ережесін берік ұстаған, мектеп мүлкіне жауапкершілікпен қараған ұқыпты оқушыны қалыптастыру тәрбие жұмысының негізгі міндетіне алынды. Түрлі шараларға оқушылардың қызығушылықпен қатысуына жағдай жасалды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік берді. Мектеп бойынша «Ұлағат» әкелер, «Мейірім» аналар, «Тұмар» әжелер, «Қыз Жібек» қыздар, «Айбын» жас жол инспекторлары, «Наркескен» жас полицей клубы, «Жас өрт сөндірушілер», «Бейбарыс» әскери клубы жұмыс жасады. Мектепшілік шараларға, қалалық, облыстық деңгейде өткізілген шараларға, жарыстарға, сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. «Ұлағат» әкелер клубы мектептегі ұл балалармен жұмыстануда, бірлескен шаралар өткізуде белсенді болды. Клуб мүшелері мектеп инспекторымен, құқық қорғау органдары мамандарымен кездесулерге қатысты. «Құқықбұзушылықтың алдын- алу», «Бала тәрбиесі- қоғам тәрбиесі», «Зиянды заттар» т.б тақырыптарда әкелер жиналысы, сұхбат алаңы өткізілді. Мектепте 5-11 сынып оқушыларынан біріктірілген «Шаңырақ» оқушылар қоғамдастығы жұмыс жасады. Жұмыс жоспарлары тәрбие жұмысының негізгі бағыттарына негізделді. Шаңырақ сағаттары атаулы мерекелерге, ашық есік күндерінде өткізілді. Орал қаласының білім беру жоспарына сай «Салауатты тамақтану», «Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ», «Құқықбұзушылықтың алдын- алу», «Ақжайық- адалдық мекені», №1 емхана мамандарымен «Жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын- алу» тақырыбында семинар- тренинг, тәрбие сағаттары өткізілді.

Оқу-тәрбие процесі кезінде білім беру ұйымының аумағында білім алушылардың/тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан тіркелген жарақаттану жағдайлары болмады.

Алдыңғы жылмен салыстыру бойынша қосымша білім берумен қамтылған оқушылар мен тәрбиеленушілердің өсу динамикасы байқалады. Оқушылар қосымша білім беру ұйымдарындағы ақысыз және ақылы түрдегі әртүрлі үйірмелер мен секцияларға қатысуда. ПД есепте тұрған оқушы жоқ. Қолайсыз отбасы ретінде есепте тұрған 1 отбасы, 1 оқушы.

Біздің мектептеде тәрбие тұжырымдамасындағы қазіргі 8 бағыт бойынша мектепте тәрбие жұмысының жоспары жасакталып, жылдың соңында атқарылған шаралар сараланып нәтижесі шығарылып отырылады. Тәрбие тұжырымдамасының бағыттарының мониторингісіне тоқталсақ.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағытталған тәрбие оқушының бойына мәдениетті, парасатты қалыптастыру мен туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатын көздеді. Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімді күшейту, мемлекеттік тілде сөйлеуге деген құлшынысты дамыту мен ұлттық намыс, ұлттық сана- сезімді күшейту, сондай-ақ, халықаралық жағдайды, Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірі мәселелеріне талдау жасай білу қабілетін қалыптастыру азаматтық-патриоттық, құқықтық және көпмәдениетті тәрбиенің негізгі міндеті деп танылды. Мәселен, Білім күні «Саналы ұрпақ - жарқын болашақ» мерекесін және азаматтық және патриоттық сабағы алғашқы білім күні, «Мектепке жол» әлеуметтік топтардағы оқушыларға «Менің таңдауым- балаларға көмек көрсету» ұранымен өткізілді. «Егемен елдің елбасы», «Менің елім-Қазақстан» атты тәрбие сағаттары, «Тәңір сыйы- тәуелсіздік» шаңырақ сағаты, «Еліміздің еркіндігі тәуелсіздік» мерекелік шара, «табиғатты аялайық», «Қазақтың жыр Қадыры», «Қайырымдылық» айлығы, «Ұлыстың- Ұлы күні, ауған соғысы ардагерлерімен кездесу, «Ән және сап» байқауы, т.б. жоспарланған шаралар оздырылды. 2-10 сыныптар. «ЕР есімі ұмытылмайды!» атты ауған соғысының ардагерлерімен кездесу жоғары деңгейде өткізілді. Қалалық шараларға да оқушылар белсене қатысты.

Жоспарланған шаралардың ішінде өз дәрежесінде оздырылған шараларды атап өтсек, « Дұрыс тамақтануды ұйымдастыру» және «Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары» тақырыбында онкүндігі және «Жарақаттанудың алдын алу», «Құқықтық тәрбие-өмірлік қажеттілік», «Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіз балалық шақ» апталығы өткізілді. Құқықтық тәрбие беру бағытының жоспарына сай жыл бойына мектеп инспекторымен бірге құқықбұзушылықтың алдын- алу мақсатында бірқатар шаралар өткізілді. Мектеп инспекторы «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында аналар, әкелер жиналысында баяндама оқыды. ПД қызметкерлерімен, нарколог- мамандармен, діни ұйымдар мамандарымен атты 7-10 сынып ұлдары, қыздарымен жиналыс, онлайн кездесулер оздырылды. Сонымен қатар 5-10 сыныптар

арасындағы қыздармен бөлек жиналыс өткізілді. Сынып жетекшілер әр жұмада өтетін тәрбие сәттарында түсіндірме жұмыстары жүргізді. Айына бір рет мектеп инспекторы «Оқушылар арасында занамағаларын түсіндіру жөнінде іс-шаралар ұйымдастыру» құқықтық оқулар жүргізіп отырды. Қаниқұл уақытында «Түнгі мезгілде балалар мен жасөспірімдер жиналатын орындарға кезекшілік орнату» атты рейдтік тексерістер жүргізілді. Сынып жетекшілерге қаниқұл уақытында түрмысы төмен және аз қамтылған отбасы балаларының бос уақыттарын тиімді пайдалану барысында жұмыстану тапсырылды. «Бала құқығы – адам құқығы» республикалық апталығы озырылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы барысында қалыптастыру жұмысы жоспарына сай «Парасатты азамат» бұдышын жасалды. «Адам ұрпақ» еріктілер клубы құрылды. «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз», «Адам және сатымайттын енбек бейнесі» суреттер байқауы, «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне алаи енбек» шырмалар жазу, кездесулер өткізілді. Балалар мен жастарға қатысты қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы түрү жоспары құрылды. Алгоритм бойынша жұмыстану бұйрығы шығарылып, жұмыс тобы құрылды. «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында іс-шаралар және бейнеполіктер көрсетілді. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтын және қантыбастықтың алдын алу «Үйде, көшеде, қаладағы тәртіпсіздікке мүлдем төзбейшілік», «Өзіңнен баста - Нация с себе!» акциялары өтті.

Рухани-танымдық тәрбие бойынша атқарылатын жұмыс жоспарының негізгі мақсаты: адамның рухани, моральдық-этикалық қабилаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсінуді қалыптастыру. «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік топ мүшелеріне көмектер берілді. «Мейірбандық күндер» айлық өткізілді. «Ұлылықтын басқыда ұстаз тұрар» тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырылды. Мектеп түлектері бейне құтықтауларын жіберді. Адамгершілік-жыныстық тәрбиесі бойынша «Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы» сұхбат, Адамгершілік-жыныстық тәрбиесі бойынша емхананың сағуатты өмір салты бөлімінің дерлестерімен, сағуатты өмір салтын қалыптастыру орталығының мамандарымен, ЖИТС ОО-ның қызметкерлерімен кездесу онлайн ұйымдастырылды. «Ұл мен қыздар арасындағы достық», «Гендерлік тәрбие бұл...» танымдық сәттары өткізілді. Аналар және әкелер жиналыстары өтті.

«Тұтан жерге тағым», «Қоғамға қызмет етемін» әлеуметтік жобалары нәтижелі жұмыстар жүргізілді. «Мүзәйтану» үйірмесі бойынша оқушылар қалалық байқаудан, «Атамекен» қалалық балалармен жас өспірімдер түрлімі және экология орталығы ұйымдастыруымен өткен қалалық байқауда жүлделі орындарға ие болды.

Балалар мен жасөспірімдердің тәртіп діни ағымдарға тартылуының алдын алу шаралары барысында 9-11 сынып оқушыларына бірқатар кездесулер, танымдық сәттар өткізілді. «Қазақстандағы тәртіп ағымдары діни экстремизм және терроризм қауіп-қатері» бейне фильмдер, «Жастар және жат ағым» тақырыбында кездесу өтті.

Ұлттық тәрбие бағдарының негізгі мақсаты тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағытау, тұған және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасының этникалық топтарға құрмет көрсету. «Тіл – татулық тіреті» онкүндік, «Мемлекеттік рәміздер – Ұлттық мақтанышымыз» көрме, «Мұражайдағы бір күн» жобасы аясында қаниқұл кезінде бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында 1-11 сынып оқушылары қаладағы өлкедану, рухани жаңғыру, өрт сөндірушілер мұражайларына барып, тын мәліметтер алды.

Отбасылық тәрбиенің негізгі мақсаты: ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру болып табылады. Отбасы күніне арналған тәрбие сәттары: «Отбасы – өмірдің маны» тақырыбында 1-4 сыныптарға, «Отбасы – аялы алақан мекені» тақырыбында 5-8 сыныптарға тәрбие сәттары өткізілді.

Отбасы күніне арналған «Бақытты отбасы» сурет көрмесі, «Ата-ананы қадірлеу - парызымыз» тақырыбында аналармен қыз балалар, әкелер мен ұл балалар жиналысы өткізілді. «Отбасы бақыт мекені» республикалық акция шеңберінде іс-шаралар өткізілді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағдары негізгі мақсаты: қасиет өзін-өзі анықтауға, адамның экономикалық ой-өрісін

және экологиялық мәдениетін дамытуға деген саналы қатынасты қалыптастыру. Еңбек күніне арналған «Еңбек түбі – береке», «Еңбек бәрін де жеңбек» тәрбие сағаттары, «Әлемнің әміршісі еңбек» оқушылардың шығармашылық жұмыстарының жәрменкесі өткізілді. Экологиялық тәрбие беру мақсатында «Табиғатпен достасқым келеді», «Табиғатты бірге сақтайық!» сынып сағаттары, «Батыс Қазақстан – туған өлкемнің табиғаты!» көрме, «Туған елге тағзым» жобасы жүрді.

Кәсіби-шығармашылық тәрбие беру бойынша 9-11 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру бағытында оқушыларға түсініктер беру жұмыстары жүргізілді. Арнайы орта колледждері, ЖОО мамандарымен үнемі кездесулер өткізілді. Колледждердің, жоғары оқу орындарының базасымен танысу мақсатында «Ашық есік» күніне қатысты. «Барлық мамандықтар жақсы» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

11 - сынып оқушыларымен «Мамандық еліне саяхат» тақырыбында сабақ өткізілді. 11 сынып оқушыларына «Мамандықтар әлеміне сапар» аты ойындар мен жаттығулар, тренинг және оқушылармен пікірлесу, дебат өткізілді.

Көпмәдениетті және көркем- эстетикалық тәрбие бағытының негізгі мақсаты: Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту. «Алтын күз» мерекесі 1-11 сынып оқушыларына ұйымдастырылды. 1-5 сынып оқушылары «Күз кереметтері» тақырыбында көрме ұйымдастырса, 6-8 сынып оқушылары сурет байқауына қатысты. «Наурыз айында 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай арнайы акциялар, 8 наурыз мерекесіне орай «Ана бақыты- бала бақыты» мектепшілік шарасы ұйымдастырылып, оқушылар отбасы мүшелерімен Мектебімізде шуақты да жарқын көрісу мейрамына байланысты «Тұмар» әжелер клубы мүшелерінің қатысуымен «Көрісу-жүрек нұрымен бөлісу» шарасы өткізілді. Сонымен мектепте өңірге танымал ата-аналармен кездесулер мен жиналыстар өткізілді.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ТӘРБИЕЛЕУ бағытының негізгі мақсаты әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру. 5-11 сынып оқушыларына «Ақпараттық және киберқауіпсіздік» тақырыбында жиналыстар өткізілді. Бейнероликтер көрсетіліп, жаднамалар таратылды.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ бағытының негізгі мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру. «Денсаулық» күні жалпы мектепшілік шара 1-11 сыныптар, 1-4 сыныптар ға «Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл» тақырыбында тәрбие сағаты, 5-11 сынып оқушыларына «Сақтан ұрпақ қатерден!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Дұрыс тамақтану бойынша тәрбие сағаттары өткізілді.

Мерекелік шаралар кезінде оқушылар қауіпсіздігін сақтау, су, жолда жүру, өрт қауіпсіздігі бойынша жаднымалар беріліп, бейнероликтер көрсетілді.

Балалар мен жасөспірімдердің бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру бойынша шаралар бойынша атқарылатын жұмыстардың негізгі мақсаты: оқушының қоғамдық ортада өзін ұстай білу, қоғамда сыйлы болуы және бағалануы, мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және әрекет ету балалардың жаракат алуының алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру.

туралы балаларына сауатты түсінік жұмысын көрсетуге көмек беру мақсатында «Сенім поштасының» жұмысы жандандырылды. Өмірдің қиын жағдайына тап болған оқушыларға кеңес беру мақсатында жеке әңгімелесулер өткізілді. «Жарасымды қарым-қатынас» танымдық сабақ, ұл және қыз балалар

Оқушылар өмірінің қауіпсіздігінің алдын-алу мақсатында Жол қауіпсіздігі туралы тәрбие сағаты

1-11 сыныптарға каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша сынып сағаты, өрт, су, тұрмыстық т.б. мұздың қатуы кезіндегі қауіпсіздік шаралары түсінік жұмыстары жүргізіліп, жаднамалар таратылды.

арасындағы әңгіме, пікірталас, жиындар өткізілді.

11, оның ішінде камқоршы карамағында 1 оқушы, аз қамтылған отбасынан 10 оқушы болса, екінші жарты жылдықта атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан 10 оқушы, камқоршы карамағында 3 оқушы болды.

Мектепішілік бақылауда осы оқу жылында 1 оқушы тіркелген, 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда биылғы оқу жылында мектепішілік бақылаудағы бала саны 1 оқушыға кеміп отыр.

«Мектепке жол», «Қамқорлық» т.б акциялар ұйымдастырылды. Елімізде орын алған төтенше жағдай аяқталған соң, арнайы орталықтармен бірігіп жұмыс жасалды. Көмек көрсеткендер: «Шуакты Орал» еріктілер тобы, «Ізгілік сәулесі» еріктілер клубы жетекшісі Дүйсенғалиева Ш, қалалық мешіт, жеке кәсіпкер Гусманова К.С. Әлеуметтік желілер арқылы, мектеп директоры атынан алғыс хат арқылы көрсетілген қызметтерге алғыс жарияланды. Сонымен қарат, проблемаларды шешу жолында мектеп психологымен бірлесіп оқушыларға, ата-аналарға, педагогикалық ұжым әлеуметтік-психологиялық қызмет жүргіздік (әңгімелесу, кеңес беру, сауалнама, ІІБ қызметкерлерін тарту, т.б). Екінші жарты жылдықта бір отбасынан екі бала жетім боп қалуына байланысты, балалардың үйден оқуы кезінде отбасына мектептен техникалық құралдар берілді және материалдық тұрғыдан көмектер берілді. Әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсетілді. Отбасылық зорлық-зомбылыққа ұшыраған оқушымен (R тобындағы) жыл бойы жұмыс жасалды. Оқушы мен анасына психологиялық қолдау бағытында сөйлесіп, пікірлесіп отырдым. Отбасы мектепішілік және қала деңгейінде іс-шараларға тартылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс жоспары оқу жылы басында бекітілді. Оқушыларға, мұғалімдерге жыл бойы осы тақырыптарға тәрбие сағаттары өткізілді. Қазан айында сыныптарда бірыңғай тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Жаднамалар таратылды. Мектепте «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы белсенді 15 оқушыдан құрылды. «Адал ұрпақ» клубының мақсаты: мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру; рухани, адамгершілік, азаматтық, патриоттық тәрбиеге бағытталған іс-шараларды жүргізу; азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың мәні туралы, сыбайлас-жемқорлықтың қоғамға тигізетін кері әсері; өз міндеттерін дұрыс қарауына, заңдарды сақтауға бағытталған сыныптан тыс құқықтық тәрбие беру болып табылады. «Адал ұрпақ» клубы келесі бағыттардан тұрады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім (дәрістер, дөңгелек үстелдер, іс-шаралар ұйымдастыру), сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат (үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар байқауы, шығармашылық мәдени іс-шаралар (түрлі флешмобтарға қатысу, мемлекеттік органдардағы адамдармен кездесу, т.б. маңызды іс-шараларды ұйымдастыру). «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелерінің ұйымдастыруымен үнемі жанартылып отыратын мектепішілік «Парасатты азамат» қабырға бұрышы жасалынды. Жоспар бойынша төмендегідей іс-шаралар өткізілді: 5-7 сыныптар арасында ұйымдастырылған Мәңгілік ел – мұраты тақырыбындағы сынып сағатында азаматтылық, отансүйгіштік, адамның құқықтары, оқушының ел алдындағы міндеті, еңбекке, өмірге деген жақсы көзқарас қалыптастыру мақсаты көзделді.

8-10 сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» танымдық сағаты оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы ақпарат беріп, бейне материал көрсетті.

1- 11 сыныптар арасында ай сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында бірінғай сағаты өткізілді.

Оқушыларды қосымша білім берумен қамту бойынша оқушылар ақылы және ақысыз үйірмелерге қатысады. Оқушылардың демалыс (лагерь) уақыттарын сауықтыру шаралары оқушылардың бос уақытын қызықты өткізу үшін лагерь түрлерін ұйымдастырылды.

Мектеп жанынан «Алау» демалыс лагері ашылды. Сонымен қатар оқушылар «Мирас» және «Қайсар» шатырлы лагері мен «Атамекен» туризм орталығында ашылған лагерге барады. Каникул уақытында оқушылар мұражайға экскурсия жасап, мұз айдынында ойын ойнауға барды. Жазғы демалыста балалардың бос уақытын тиімді пайдалану көзделді.

Алдағы оқу жылына қойылатын негізгі міндеттер және ұсыныстар ұсынылады:

-Орта буынға өткен оқушылардың физиологиялық және психологиялық дамуын бағдарлай білу.

-Оқушылардың оқуға, танымдық дамуға, қарым-қатынастың дамуына қолдау жасау;

-Бейімделу кезінде сәтсіздіктерді қорытындылап отыру, түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.

-Оқу пәндеріне қызығушылықтарын арттыру, дамыту, қолдау жұмыстарын жүргізу.

- 11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындау, өз-өзіне деген сенімділіктерін нығайту мақсатында тренингтер өткізу.

- Диагностика жұмысының қорытындысы бойынша үрейленушілік деңгейі жоғары және төмен көрсеткен оқушылармен жеке және топтық жұмыстар жүргізу.

Тәрбие жұмыс жоспарының орындалу деңгейін, оңды, теріс жақтарына сараптама.

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие Тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары бекітілді. Осы үлгіні басшылыққа отырып, мен өз жұмысыма қатысты тәрбие жұмыс жоспарын құрдым. Орындалу деңгейі толықтай орындалды деп айта алмаймын. Себебі, оның оңды және теріс жақтары кездесті.

Кемшіліктерді түзету мақсатында қабылданған ұсыныстар:

-мектептің формасын қатаң сақтау

-сабаққа кешікпеу, үнемі кешігетін, сенбі күні келмейтін оқушылармен жұмыстану

-оқушылардың психологиялық мінез-құлықтарын, агрессияларын анықтауға тест, тренинг, сауалнамалар жүргізу

-әлеуметтік тұрмыс жағдайларын анықтау

-оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру, сыныптағы ата-аналар жиналыстарын өткізудің формаларын жандандыру, өз тарапымнан қатаң қадағалау

-әлеуметтік категориядағы оқушыларға қолдау көрсету.

-оқушылардың бос жүріске салынбау мақсатында келер оқу жылына үйірмелермен көбірек қамту.

-клуб жұмыстарын жандандыру

- Ұлдар, қыздар ұйымдарының жетістіктерін көбейту, әкелер және аналармен жұмыс түрлерін жандандыру

-әлеуметтік жобалар жұмыстарын жандандыру

-іс –тәжірибе жұмыстарын таратуды жүйелеу

Жаңа 2023-2024 оқу жылында **«БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»** жүзеге асыру бойынша **бірінғай жоспар құрылды.**

«БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ» МАҚСАТЫ:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

№8 Т.Бегманова жалпы орта мектебі КММ-нің

Ата-аналар қолдау орталығының ата-аналармен

сабақ кестесі

№	Күні, айы, жылы	Сабақ түрі	Өткізілетін орны	Жауапты
1	_____	Отбасы-бақыт бесігі. Ата-ана өмірінің басты максаты бақытты адам тәрбиелеу	Кітапхана	Оқу ісі ор. К.Мустафаева
2	_____	Білімдіге-дүние жарық. Таным қуанышы баланың қызыға оқуына ықпал көрсету	Думан залы	// - //
3	_____	Әрбір бала-жарық жұлдыз Әр баланың ерекшелігін ашуга ізденіс	Сыныпта	// - //
4	_____	Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамыту жолын қарастыру	Кітапхана	// - //
5	_____	Құмар ойындары- Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін	Думан залы	// - //

		Қадағалау, бақылау		
6	_____	Сенім арту- жетістік кепілі Қиын жағдайда баланы мейірім мен дұрыс жолға салу	Сыныпта	// - //
7	_____	Әкені көрген ұл өсер, шешені көрген қыз өсер. Балаға үлгі көрсету	Кітапхана	// - //
8	_____	Тәлімменен өрілген біздің дәстүр Дәстүрлер отбасылық әлауқаттың негізі ретінде	Кітапхана	// - //

Директор орынбасары:

К.Мустафаева

«ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ» КЛУБЫ

«Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Клуб – бұл жұмыстың ең қолайлы формасы, өйткені ол қатысушылардың теңдігі тұрғысынан жұмысты камтамасыз етеді және ата-аналар үшін даму ортасын құрудағы әлеуметтік тәсілдің артықшылықтарын барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Өзінің қызмет форматына сәйкес «Даналық мектебі» клубы білім беру ұйымының нақты қажеттіліктерін және ата-аналар қоғамы өкілдерінің өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесімен бөлісуге дайындығын ескере отырып, ерікті негізде құрылады.

«Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

Клубтың міндеттері:

- аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;
- ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;
- өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.

«Даналық мектебі» клубының қызметінен күтілетін нәтиже: позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану.

Клуб отырыстарының тақырыбын айқындау кезінде Қазақстанның мәдени бірегейлігін сақтау және дамыту мақсатында міндетті түрде қазақ халқының құндылықтары мен дәстүрлеріне сүйену қажет. Сонымен қатар, Қазақстанда тұратын басқа этностардың мұрасын ескере отырып, клуб қатысушыларының кездесулерінің тақырыбы мен мазмұнын мүмкіндігінше байыту ұсынылады.

Осыған байланысты мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясында сөйлеген сөзінен маңызды тезисті еске алған жөн: «Саналуандықтағы бірлік – бұл ұлттық бірлікті сақтау мен нығайтудың іргелі қағидаты. Біз бұл қағиданы болашақта да ұстануымыз керек».

«Даналық мектебі» клубының қызметінің басым бағыты ата-аналар қауымымен жұмыс болып табылады. Клуб мектептің нақты сұраныстары мен талаптарына сәйкес «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кенесі» секцияларын ұйымдастыру арқылы қазақстандық этнопедагогиканың тәрбиелік әлеуетін өзектендіруге арналған.

Әрбір қызмет бағытының орасан зор педагогикалық әлеуетін ескере отырып, әрбір білім беру ұйымында клубтың барлық 4 секциясын ашу ұсынылады: «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Женге кенесі». Алайда, бұл жұмыс ресурстардың жинақталуына, аға буындардың бастамашыл және ресурстық өкілдерін іріктеуге және қажетті ұйымдастырушылық жағдайлар жасауға қарай жоспарлы, кезең-кезеңмен жүргізілуі тиіс.

Сарапшылар клуб аясында қарастырылуы мүмкін этнопедагогика мәселелерінің мазмұнында белгілі бір бағытты қарастыруды ұсынады. Клуб секцияларына арналған іс-шаралардың үлгілік тақырыптары төменде берілген.

«Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастыруға білім беру ұйымының директоры жауапты. Жұмыстың тікелей кураторы директордың тәрбие жөніндегі орынбасары болып табылады. Қамқоршылық кеңес клуб қызметіне жан-жақты қолдау көрсетеді.

Клуб аясында ұсынылатын жұмыс түрлері: интерактивті дәрістер; әңгімелер, тақырыптық пікірталастар; қызықты адамдармен кездесулер; бейнематериалдарды қарау және талқылау; шығармашылық кештер және т. б.

«Даналық мектебі» клубының жоспары мен жұмыс кестесін мектеп директоры бекітеді. «Даналық мектебі» клубы аясындағы кездесулердің жиілігі әрбір білім беру ұйымының ата-аналар қауымының сұраныстарына сәйкес айқындалады.

Клуб қызметіндегі сабақтастықты камтамасыз ету үшін клуб мүшелерінің азды-көпті тұрақты құрамы жұмыс істегені жөн. Сонымен қатар, клуб шеңберіндегі отырыстар мен

кездесулердің әртүрлі тақырыптары үнемі жаңа қатысушыларды тартуға ықпал ететіні анық.

Клубтың танымалдылығын арттыру үшін бірқатар міндетті шарттарды қамтамасыз ету қажет деп санаймыз:

- отырыстарды сапалы өткізу;
- аға буынның белсенді және ресурстық өкілдерін тарту;
- жобаны іске қосу алдында ақпараттық науқанды, оның ішінде ауданда, қалада, ауылда жалпы ынталандырушы іс-шараны өткізу;
- ата-аналардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
- жергілікті атқарушы органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен серіктестік (Ардагерлер кеңесі, белсенді ұзақ өмір орталықтары және т.б.), басқа ата-аналар клубтарының өкілдерін тарту.

Клубтың қызметіне мониторинг жүргізу, жекелеген отырыстар мен кездесулерді өткізу сапасын айқындау үшін мыналарды ескеру қажет:

- клуб қызметі туралы сұрақтарды мектепішілік бақылау жоспарына енгізу;
- қатысушылардың қанағаттану деңгейін анықтау үшін тұрақты сауалнамалар жүргізу.

Клубтың қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде келесі форматтар арқылы кеңінен жариялануы керек:

- тікелей эфирлер;
- сұхбат;
- есеп беру;
- маңызды оқиғалар туралы хабарландырулар;
- пікір алмасу.

Еліміздегі білім беру ұйымдарының клубтық бірлестіктері іс-шараларының үздік сценарийлері Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының цифрлық платформасында жарияланатын болады.

«Әже даналығы» секциясы

1	«Әжемнің ертегісін тыңдайын..»	Ертегі тыңдау	1-4 сынып оқушылары	Қыркүйек	Тәрбие бөлімі	Анықтама Әлеуметтік желіге жариялау
2	«Әжемнің әңгімесі	Даналық сағаты	5-7 сынып оқушылары	Қазан	Тәрбие бөлімі	Анықтама Әлеуметтік желіге жариялау
3	«Әжелер сөзі-ақылдың көзі»	Даналық сағаты	9-11 сынып оқушылары	Желтоқсан	Тәрбие бөлімі	Анықтама Әлеуметтік желіге жариялау
4	«Алғысым шексіз..»	Алғыс айту челленджі	1-11 сынып оқушылары	Наурыз	Тәрбие бөлімі	Анықтама Әлеуметтік желіге жариялау
5	«Әже –ұрпақтың жүрегі»	Даналық сағаты	5-11 сынып оқушылары	Мамыр	Тәрбие бөлімі	Анықтама Әлеуметтік желіге жариялау

№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін кмм

2023-2024 оқу жылында мектебімізде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылды. Қыркүйек айының 1-11 сыныптарда ата-аналар жиналысы өткізілді. Барлығы 300 ата-ана қамтылды. Ата-аналар жиналысында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жөнінде ақпарат берілді. Ата-аналарға «Отбасы- бақыт беісігі», «Баланың бас ұстазы-ата-ана», «Боламын деген баланың- бетін қақпа белін бу» тақырыбында тренинг сабақтар өткізілді.

Мақсаты: ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Оқушылардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері туралы түсініктерді тереңдету.

2. Отбасында қолайлы климат құру дағдыларын дамыту.

3. Баланың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті сезіндіру.

Ұлттық құндылықтар мен тұлғалық қасиеттер:

Позитивті қарым-қатынас, тәрбие, шығармашылық, ұрпақтар сабақтастығы, денсаулық, достық, сүйіспеншілік.

Еңбекқорлық, жауапкершілік, қызығушылық, ашықтық, мейірімділік, өзіне деген талапшылдық, позитивті көңіл-күй.





**Т.Бегманова атындагы №8 ЖОББМ-і бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған Қамқоршылық Кеңес жоспары.**

№	Атқарылатын жұмыс бағыттары	Уақыты	Жауаптылар	Қатысушылар
1	№1 отырыс -Жалпыға бірдей білім беру қорының есебі -Қамқоршылық Кеңес жоспарын бекіту. -Ата-ана өтініші негізінде отбасылардың материалдық жағдайын анықтап, қолдау қажет ететін отбасы оқушыларын қамқоршылық кеңес шешімімен санатын анықтау	Қыркүйек	Кеңес төрайымы	Кеңес мүшелері Мектеп әкімшілігі
2	№2 отырыс -Мектептегі ыстық тамақтың ұйымдастырылу сапасы, мектеп асханасының қызметін бақылау қорытындылары	Желтоқсан	Кеңес төрайымы	Кеңес мүшелері Мектеп әкімшілігі
3	№3 отырыс -Оқушы үлгеріміндегі қиындықтарды анықтап, көмектесу жолдарын қарастыру мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығымен бірлесе жұмыстану	Наурыз	Кеңес төрайымы	Кеңес мүшелері Мектеп әкімшілігі
4	№4 отырыс -Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында әлеуметтік топ отбасы балаларын жазғы сауықтыру лагерлері, мектеп жанындағы лагермен, экскурсия мен қамтамасыз етуге жұмыстану -ағымдағы мәселелер	Мамыр	Кеңес төрайымы	Кеңес мүшелері Мектеп әкімшілігі

Т.Бегманова атындағы №8 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша
 қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қалыптастыру бойынша
 2023-2024 оқу жылына арналған
КЕШЕНДІ ЖОСПАР.

№	Атауы	Максаты бағыты	Аяқталу үлгісі	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Білім беру ұйымдары басшыларының ұжымда мүдделер қақтығысын болдырмау, шектеулер қабылдау.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл салаларындағы заңнамаларды кеңінен түсіндіру	Түсіндірме хаттар, жинақталған ақпараттар	Сапарбеков Н Абдиев М	Қантар-ақпан
2	Барлық мақсатты топтар үшін мемлекеттік қызмет, мемлекеттік көрсетілетін қызмет, сыбайлас жемқорлық профилактикасы және қызметтік этика ережелерінің мәселелері бойынша түсіндіру кездесулерін өткізу.		Семинарлар, лекциялар	Тиісті мамандар	Бір жылдың ішінде (жеке кестеге сәйкес)
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында танымдық сағаттар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бағдарламасын жүзеге асыру шараларына тарту және насихаттау	Семинарлар, лекциялар	ДТІЖО Мектеп инспекторы	Жыл бойы
4	«Адал ұрпақ» ерікті оқушылар клубтарының жұмысын ұйымдастыру.		Жоспар	Сапарбеков Н Абдиев М	Қыркүйек
5	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға бағытталған шаралар		Жоспарға сай	Сапарбеков Н Абдиев М	Қазан-желтоқсан
6	Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша концептуалды тәсілдерді көрсете отырып білім беру ұйымдары адалдық сағаттарын өткізу		Адалдық сағаттары	Тәрбие бөлімі	Ақпан-сәуір
7	Тиісті салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша концептуалды тәсілдерді көрсете отырып білім беру ұйымдары авторлық мақалалар жариялау.		Авторлық мақалалар жариялау	Тәрбие бөлімі	Бекітілген кестеге сәйкес
8	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға бағытталған театрлық қойылымдарды және оларға мемлекеттік қызметшілердің, оқытушылардың баруын ұйымдастыру		Мемлекеттік қызметшілердің және басқа да мақсатты топтардың арнайы театрлық қойылымдарға баруын	Театрландырылған қойылымдарға қатысу	ДТІЖО Бірлестіктер

		ұйымдастыра отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.			
9	Қоғамдық қабылдаулардың жұмысына қоғамдық ұйымдардың өкілдерін қатыстыра отырып, келіп түсетін арыз-шағымдарды шешуді қамтамасыз ету		Қоғамдық ұйым өкілдерінің қабылдаулардың жұмысына қатысу	Сапарбеков Н Абдиев М	Келісім бойынша
10	Жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен аймақта сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға бағытталған шаралар		Әлеуметтік желіде ашық бюджет жариялау	Сапарбеков Н Абдиев М	
11	Білім бөлімінде мемлекеттік органдардың мемлекеттік сатып алуларын мониторингтердің нәтижелері туралы» тақырыбында семинар-кеңес		Пікірталас алаңшалары, дөңгелек үстелдер, тренингтер кеңестер	Сапарбеков Н Абдиев М Сынып жетекшілер	Келісім бойынша
12	«Мемлекеттік сатып алулардағы жемқорлық: кең таралған схемалар тақырыбында пікірталас алаңшасы				
13	«Мемлекеттік сатып алулар жүйесін ары қарай жаңғыртудың актуалды мәселелері: мүдделер қақтығысын және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту» тақырыбында конференция				

